



Астана қаласы әкімдігінің "69 "Еркем-ай" балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 44 бабының 9 тармағына, ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 355 "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2 69 "Еркем-ай" балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) мектепке дейінгі ұйымды (бұдан әрі-МДҰ) алқалық басқару нысандарының бірі болып табылады.

1.3 Қамқоршылық кеңес МДҰ Жарғысының және осы Ереженің негізінде заңды тұлға мәртебесінсіз әрекет етеді.

1.4 Қамқоршылық кеңес:

- тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ МДҰ шотына түскен қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- жарғыға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- МДҰ дамуының басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- қайырымдылық көмек түрінде МДҰ-ға түсетін қаржы қаражатын бөлуге қатысады және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;
- МДҰ бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
- МДҰ қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;
- мектепке дейінгі ұйымның қызметімен, тәрбиеленушілерге берілген жағдайлармен танысады, олармен психологтың қатысуымен әңгіме өткізеді.

2. Құрамы

2.1 Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;

- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған бір ата-ана немесе балабақша тәрбиеленушілерінің заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

2.2. Қамқоршылық кеңес құрылатын балабақша меңгерушісі оның отырыстарына қатысады.

2.3. Қамқоршылық кеңестің құрамына пп-да көрсетілген адамдар кірмейді. 2) және 3) ҚР "Білім туралы" Заңының 51-бабы 1-тармағы.

2.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және бір-бірімен және меңгерушімен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде тоғыз адамды құрайды.

2.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі бір жылды құрайды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақша қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңес құрамындағы Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын мүшелердің саны үш адамнан аспайды.

3. Сайлау тәртібі

3.1 Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

3.2 Мемлекеттік органдардың өкілдерін Қамқоршылық кеңестің төрағасы сайламайды және оның міндеттерін атқармайды.

3.3 Төрағаның орынбасары мен оның хатшысын Қамқоршылық кеңес сайлайды.

3.4 Хатшыны Қамқоршылық кеңес сайлайды және қамқоршылық кеңестің іс жүргізуіне жауап береді.

4. Өкілеттіктер

4.1 Қамқоршылық кеңес, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

4.2 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңес отырысында айқындалады.

4.3 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз функцияларын жүзеге асыруы өтеусіз негізде жүргізіледі.

4.4 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қамқоршылық Кеңестің жалпы жиналысы енгізеді және оның отырысында бекітіледі.

5. Қосымша бюджеттен тыс қаражатты тарту және жұмсау нысандары, тәртібі

5.1 Балабақшаға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5.2 Балабақша қабылдаған қайырымдылық көмектен түсетін кез келген түсімдер Екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа есептеледі.

5.3 Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- 1) МДҰ тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- 2) МДҰ материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- 3) спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;
- 4) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

5.4 ЕҰ жыл сайын қаржы жылының қорытындылары бойынша өзінің интернет-ресурсында, тиісті саланың уәкілетті органының, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етеді.

6. Іс қағаздарын жүргізу

6.1 Қамқоршылық кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды.

6.2 Хатшының функциялары Қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі.

6.3 Құжаттама Қамқоршылық кеңестің төрағасында 1 жыл сақталады.

6.4 Ереженің қолданылу мерзімі: білім беру ұйымының түрі (немесе түрі) өзгергенге дейін.